

Ақтөбе қаласы, Ақтөбе облысының білім басқармасы «Ақтөбе құрылыс-техникалық колледжі» МКҚК және Қызылорда қаласы, «Қызылорда облысының білім басқармасының» «Абылай хан» атындағы жоғары колледжі мекемесі арасындағы

Ынтымақтастық туралы Меморандум

Ақтөбе қаласы

« _____ » _____ 2025 жыл

Ақтөбе қаласы, «Ақтөбе құрылыс- техникалық колледжі» МКҚК бір жағынан, бұдан әрі «Колледж 1» деп аталатын, жарғы негізінде әрекет ететін директоры Есенғалиева Гулден Утежановна және екінші жағынан «Қызылорда облысының білім басқармасының» «Абылай хан» атындағы жоғары колледжі бұдан әрі «Колледж 2» деп аталатын, жарғы негізінде әрекет ететін, директоры Дүлдүл Руслан Кажденбекұлы техникалық және кәсіптік білім беру мұғалімдері мен студенттерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру саласындағы серіктестікті дамыту қажеттілігіне сүйене отырып, ынтымақтастық туралы Меморандум (бұдан әрі - Меморандум) жасалды.

1. Меморандум тақырыбы

1.1. Осы Меморандумның тақырыбы білікті кадрларды және орта буын мамандарын даярлау саласындағы ынтымақтастық техникалық және кәсіптік білім беру саласының Тараптары арасында ынтымақтастықты дамыту, бірлескен жобаларды мүмкіндігінше жүзеге асыру мақсатында бейінді білім беру ұйымдары (бұдан әрі - ТЖКБ) арасындағы серіктестік қатынастарды нығайту болып табылады.

2. Ынтымақтастықтың негізгі бағыттары.

Тараптар ынтымақтастығының негізгі бағыттары:

- 2.1. Кәсіптік білім беру мекемелерінде білім беру процесін ұйымдастыруды жетілдіруге бағытталған бірлескен қызмет;
- 2.2. Кәсіптік білім беру мекемелері мен жұмыс берушілердің өзара іс-қимылының тиімді модельдері мен тетіктерін әзірлеуге және енгізуге бағытталған бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
- 2.3. Қолда бар білім беру ресурстарын - материалдық-техникалық, әдістемелік, ақпараттық, кадрлық ресурстарды, жұмыс берушілермен әлеуметтік әріптестік аспектілерін - білім беру процесінің сапасын арттыруға дайындық үшін ашықтық және қолжетімділік қағидаттарында тиімді пайдалану мәселелері бойынша тәжірибе алмасу.
- 2.4. Жұмыс берушілердің талабы бойынша оқытудың жаңа технологияларын әзірлеу және енгізу, жаңа мамандықтар, қосымша мамандандырулар, микроквалификациялар ашу бойынша тәжірибе алмасу;

- 2.5. Бірлескен инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу: World skills кәсіби шеберлік чемпионатының академиялық ұтқырлығын дамыту және саясатын ілгерілету шеңберінде Тараптардың, студенттердің педагогикалық құрамының құзыреттілік орталығы бейіні бойынша мастер-класстар өткізу, тағылымдама (жеке жоспар және қаржылық уағдаластық бойынша) ;
- 2.6. Білім беру саласындағы педагогикалық және басқа да мәселелер бойынша бірлескен кәсіби шеберлік конкурстарын, конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, семинарларды өткізу;
- 2.7. Кәсіптік білім беру саласын реттейтін нормативтік актілердің жобалары туралы Тараптардың ақпараттандырылған алмасуы;
- 2.8. Дуальды оқыту жүйесі саласында қолданылатын білім беру технологиялары сабақтарын ұйымдастыру және өткізу әдістемесімен тәжірибе алмасу;
- 2.9. Бірлескен халықаралық жобаларды іске асыруға мүдделі тараптарды тарту.
- 2.10. Тараптар өзара келісім бойынша жеке шақырулар негізінде академиялық алмасуларды, ғылыми тағылымдамалар мен біліктілікті арттыру нысандарын жүзеге асырады.

3. Тараптардың міндеттемелері

Тараптар міндеттенеді:

- 3.1. Осы Меморандумды орындау үшін жасалған жекелеген шарттарда көзделген тәртіппен, мөлшерде және тәсілдермен бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыруға жәрдемдесу;
- 3.2. Бірлескен жобаларды іске асыру үшін қажетті заңдық, қаржылық және нақты іс-әрекеттерді уақтылы және толық көлемде орындау;
- 3.3. Ұлттық заңнаманы сақтай отырып олардың иелігіндегі ақпараттық ресурстармен алмасу;
- 3.4. Ынтымақтастық бағыттарын іске асыруға байланысты мәселелерді жүйелі түрде талқылау;
- 3.5. Осы Меморандумды іске асыру процесінде туындайтын проблемаларды қарау, олар бойынша келісілген шешімдер қабылдау;
- 3.6. Тараптардың басшыларымен бірлесіп ынтымақтастықты үйлестіруге құқылы уәкілетті адамдарды тағайындау.

4. Қорытынды ережелер

- 4.1. Осы Меморандум шеңберінде жүзеге асырылатын бірлескен іс-шаралардың және/немесе бағдарламалардың мазмұны, саласы мен іске асырылуы туралы мәліметтер мүдделі Тараптар арасында жасалған жекелеген қосымша уағдаластықтарда белгіленуі мүмкін.
- 4.2. Бірлескен қызмет барысында тараптар осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын өтеулі/өтеусіз негізде қызметтер көрсетеді. Көрсетілген қызметтерге ақы төлеуді Тараптар жеке шарттармен ресімдейді.
- 4.3. Осы меморандум шеңберіндегі іс-шаралар және/немесе бағдарламалар Тараптардың адами, материалдық және қаржылық ресурстары болған жағдайда іске асырылады.

- 4.4. Меморандум жасалған күннен бастап күшіне енеді және Тараптардың бірі осы Меморандумды бұзу ниетін білдірген кезге дейін қолданылады.
- 4.5. Тараптардың өзара келісім бойынша Меморандумды бұзуға құқығы бар.
- 4.6. Тараптар бір-бірінің саясаты туралы ақпарат, мәліметтер, фактілер, сандар, стратегиялар мен мәліметтер бөлігінде құпиялылықты сақтайды және ынтымақтастық барысында белгілі болуы мүмкін деректерді үшінші тұлғаларға жария етпейді.
- 4.7. Меморандум орыс тілінде, қазақ тілінде екі данада жасалды.

Ақтөбе қаласы, «Ақтөбе құрылыс-техникалық колледжі» МКҚК
 Заңды мекен жайы: 030007,
 Ақтөбе қаласы
 Ватутин көшесі 1
 Тел.: 8(7132) 50-05-82
 Email: AktobePL_1_@mail.ru

Директор _____ Г.У.Есенгалиева



«Қызылорда облысының білім басқармасы»
 «Абылай хан» атындағы жоғары колледжі
 Заңды мекен-жайы: 120000,
 Қызылорда облысы,
 Қызылорда қаласы
 Е.Демесінов көшесі 38
 Тел.: 8(7242) 23-03-97, 8(7212) 44-10-94
 Email: Ablay_xan@inbox.ru

Директор _____ Р.К.Дүлдүл

